

## Жер қойнауын пайдалану құқығына берілген лицензияларды қайтарып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 27 қыркүйек N 1459

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 U962828\_ заң күші бар Жарлығының 40 және 70-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. "Досбол" жабық акционерлік қоғамына Жамбыл облысында көмірсутегі шикізатын барлауға және өндіруге 19.01.1998 ж. сериясы ГКИ N 1004, Айрақты кен орнында көмірсутегі шикізатын өндіруге 19.01.1998 ж. сериясы ГКИ N 1003 және Амангелді кен орнында көмірсутегі шикізатын өндіруге

25.04.1995 ж. сериясы МГ N 17 жер қойнауын пайдалану құқығына берілген лицензиялар қайтарылып алынсын.

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі осы қаулының орындалуы жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.